

«Боранкул» Бобекжайы» ЖБҚ МКҚК

«Үй жануарлары»
(ұйымдастырылған іс-әрекеті)

Өткізген: Жайекенова Г

2023 ж

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

*Мексеріңе
Жылқы*

Тобы: «Ақбота»

Күні: 26.04.2023ж

Білім беру саласы: «Коммуникация»

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің түрі: «Тіл дамыту»

Тақырыбы: «Үй жануарлары»

Мақсаты: Үй жануарлары және олардың төлдерімен таныстыру; Үй жануарлары жайлы түсініктерін, ажырата білуді үйрету; Пайдасы жайлы алған білімдерін бекіту.

Дамытушылық: Ойын арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру, өз ойларын еркін, әрі нақты жеткізе білуге дағдыландыру; Ойын арқылы сөздік қорларын молайту.

Тәрбиелік: жануарларға қамқорлық жасауға, оларға сүйіспеншілікпен қарай білуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Жұмбақтар шешу, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойындар, интерактивті тақтадан көрсету. Ән айту, жапсыру. Смайлик арқылы амандасу

Көрнекіліктер: Үй жануарларының суреттері, интерактивті тақта, ақ қағаз, желім, қойдың суреті.

Сөздік-жұмыс: сиыр, жылқы, түйе, қой, ешкі.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|--|
| <p>Мотивациялық қозғаушылық</p> | <p>Балалар смайлик арқылы амандасып кіреді. Балалар «Амандасу-адамгершіліктің, әдептіліктің баспалдағы» Сондықтанда, алдымен қонақтармен амандасып алайық</p> <p>Шаттық шеңбері Білер қазақ баласы Сәлем сөздің анасы Көп танысты көреміз Алдымыздан кезіккен Бәріне де ізетпен Иіліп сәлем береміз</p> | <p>Смайлик арқылы амандасып залға кіреді</p> <p>Тәрбиешімен бірге қайталап айтып амандасады.</p> |
| <p>Ұйымдастырушылық-ізденістік</p> | <ul style="list-style-type: none"> - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады? <p>Ұнтаспа тыңдату</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар тыңдандаршы мынау нелердің дауысы? - Дұрыс айтасындар осы сиыр, қойды үй жануарлары деп атайды. Үй жануарларына сонымен бірге жылқы, түйе, ешкі жатады. - Балалар сендерді ата-әжелерің қандай сөздермен еркелетеді? <p>Балалар сендер дәл қазір үй жануарларын көргілерің келе ме?</p> | <p>Көктем мезгілі</p> <p>Күн жылы болады, жерге шөп шығады.</p> <p>Тыңдайды</p> <p>Сиыр, қойдың дауысы</p> <p>Ботаканым, кошақаным</p> |

Жарайсындар балалар ендеше
жануарларды интэрбелсенді тактадан
көрсейік.

Балалар, мына сүйкімді жануарлар төрт
түлікке жатады, яғни үй жануарлары деп
аталады. Олар түйе, жылқы, сиыр, қой,
ешкі.

Түйенің төлі-бота,
Сиырдың төлі-бұзау
Қойдың төлі-қозы,
Ешкінің төлі-лақ
Жылқының төлі-құлыншак

Жануарларды биік –аласа, салыстыру.

Халқымыздың байлығы да, берекесі де
осы малдар. Адамға пайдасы өте көп.
Сүтін ішеміз, етін жейміз, киім қыламыз.
Сиырдың, түйенің сүтінен май, құрт,
айран, ірімшік жасайды. Адамдар да
оларға қамқорлық көрсетеді. Бағады,
шөп, жем, су береді, сауады және тағы
басқа көптеген күтім жасайды. Үй
жануарлары өздері күн көре алмайды.
Ата бабамыздан келе жатқан қасиетті
жануарларды өте жақсы күтіп, қасиеттеп
қараған. Төрт түлік туралы көп жырлар,
мақал-мәтелдер, өлеңдер шығарған.
Балалар үй жануарларымен танысып
алдық,

Балалар енді мен сендерге жұмбақ
жасырайын, ал сендер шешімін
табындар.

Кішкене ғана бойы бар
Айналдырып киген тоны бар
(Қой)

Қане балалар ендеше қойдың дыбысын
салындаршы.

Балалар қой мә-мә маңырайды.

Үстінде екі тауы бар
Ол не?

(түйе)

Түйенің дыбысын салындаршы
Түйе бө-бө боздайды.

Екі айнасы бар

Иә

Жануарларды
салыстырып айтады

Жұмбақтардың
шешімін табады.

Екі найзасы бар
Төрт жылтырмағы бар
Бір шытыртқысы бар
(Спыр)
Спыр мо-мо мөңірейді

Екеуі елеңдеп келеді
Төртеуі төбелесіп келеді.
(жылқы)
Жылқы е-е-е кісінейді.

1. тапсырма

Дидактикалық ойын: «Төлін тап»,
Мақсаты: Адасып қалған төлдерді сызба арқылы енесіне апару.

«Ненің көлеңкесі»,

Мақсаты: көлеңкесі арқылы жануарларды, төлдерді табу.

«Не артық?»

Мақсаты: жануарлардың арасынан артық затты табу, түсіндіріп айту.

Балалар 3 топқа бөлінеді.

Балалар біз енді ән сабағының апайымен бірге Төлдер әнін айтып бір сергіп қалайық.

Сергіту сәті
«Төлдер» әні

Қошаканы қойдың
Қайда қалып қойдың
Бұлтиып тұр бүйірің
Қай өрістен тойдың

Секең секең ей лақ
Жүрмін саған кейіп ақ
Тыным тапсаң болмайма
Секірмей ақ кей уақ

Ботаканы нардың
Жарға неге бардың
Тілерсегің дірілдеп
Секіре алмай қалдың

2. тапсырма

Дайын қойдың суретіне ақ қағазды жырттып, умаждау арқылы, жүнін жапсыру.

Ойынға белсене қатысып, ойнайды

Төлдер әнін бірге қайталап айтады

Жапсырады

| | | |
|---------------------------------------|--|---------------------------------|
| <p>Рефлексивті-түзетушілік</p> | <p>3. тапсырма «Дауысын тап» ойынын ойнайық Мақсаты: Үнтаспа арқылы жануарлардың дауысын тауып айту.</p> <p>Балалар бүгін қандай жануарлармен таныстық? Үй жануарымен таныстық. Оларға қандай жануралар жатады? Жақсы балалар әрқашан үй жануарларына қамқорлық жасап жүруіміз керек. Балалар сабаққа жақсы қатыстыңдар. Менің сендерге сабаққа жақсы қатысқандарың үшін тәтті бергім келіп тұр. Мадатау</p> | <p>Сұрақтарға жауап береді.</p> |
|---------------------------------------|--|---------------------------------|

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Үй жануарлары туралы біледі.

Игереді: Үй жануарларының дауысын айыра біледі.

Меңгереді: Үй жануарларының төлдерін ажырата біледі.

